Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназиясына педагогтерді бос лауазымға қабылдау комиссиясы отырысының №1 хаттамасы

Ақтөбе қаласы ***25.08.2023 жыл***
Қатысқаны: 5
Қатыспағаны: 1

1. Тойшыманова М.К. – Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназия директоры
2. Махамбетова Н.К. – директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары
3. Әли Г.Қ. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.
4. Керімбай Б.Ә. – Химия пәні мұғалімі (санаты – педагог-шебер)
5. Коленкина Г.К. – хатшы, қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі

Қатыспағаны: 1

1. **Алдиярова Г.Т. -** қалалық білім бөлімінің әдіскері (Атырау қаласындағы педагогтердің республикалық тамыз кеңесінің қатысушысы/ іссапарда)

Күн тәртібінде:

1. Педагогтерді бос және уақытша бос лауазымдық қызметке тағайындау

Тыңдалды:

Директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Н.К.Махамбетова Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназиясына педагогтерді бос лауазымға қабылдау комиссиясының мүшелері ҚР Білім және ғылым министрінің 19.11.2021 жылғы № 568 бұйрығына сәйкес, мемлекеттік білім беру ұйымында педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттарды іріктеуден өткізіп, жұмысқа қабылдау отырысы өткізу ережесімен таныстырып өтті:

«Жұмысқа орналасу кезінде үміткер конкурсқа қатысу туралы өтініш береді. Өтініш беруші өзінің бағалау парағын қоса ұсынады. Онда барлық жетістігі, нәтижелері, еңбек өтілі, әкімшілік немесе әдістемелік қызмет тәжірибесі, курстық дайындық және басқа да ақпарат көрсетіледі. Әрбір бағыт бойынша кандидат белгіленген критерийлер арқылы бағалау шкаласына сәйкес өз балдарын дербес қояды.

- Конкурстық комиссия өтініш берушінің өзі қойған балдардың, оларды растайтын құжаттардың сәйкестігін тексеріп, қорытынды ұпай шығарады. Нәтижесінде бос орынға ең көп балл жинаған үміткер қабылданады. Субъективизм деңгейі барынша төмендейді.

- Бұрынғы жұмыс орнынан ұсыныс хаттар да сұратылады. Үміткер оң ұсыныс үшін 3 балл жинаса, ал теріс ұсыныс үшін 3 балл жоғалтады.

- Ұйымдар үміткердің қандай да бір бұзушылықтарға, оның ішінде педагогикалық этика бойынша бұзушылықтарға жол берді ме, жоқ па, сол туралы ақпаратты ескере алады. Мұндай фактілер анықталса, педагог кез келген кезеңде конкурстан шеттетіледі.

- Ережеде үміткердің біліктілік санатының міндетті түрде болуы қарастырылады.

- Енді жоғары оқу орындары мен колледж түлектеріне жұмысқа қабылдану үшін диплом жеткіліксіз болады. Олар Ұлттық біліктілік тестілеуден өтіп, одан әрі мектепте «Педагог» немесе «Педагог-тағылымдамашы» Біліктілік санатын алуға міндетті.

Сонымен қоса конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия отырыстарын ұйымдастырып, бірақ оның мүшесі болып табылмайтындығын ескертті.

Жоғарыдағы ережеге сәйкес, Enbek.kz-электронды еңбек биржасының сайтына және әлеуметтік желілердің ресми аккаунтта **бастауыш, физика (уақытша), көркем еңбек пәнінің (уақытша) педагогтеріне конкурс өткізу туралы хабарландыру** жарияланғандығын және конкурсты өткізу күні мен орнын айқындау және конкурстық комиссия мүшелерін құру, конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан

құжаттарын қабылданғанын атап өтті. Аталған конкурсқа құжат 14-21 тамыз аралығына дейін қабылданып, 25.08.23 ж. конкурс күні деп көрсетілді.

Педагогтерді конкурс өткізу туралы хабарландыру негізінде 14 бастауыш пән мұғалімдерінің құжаттары қаралды. Конкурстық комиссия кандидаттар құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес, Бағалау парағында көрсетілген балдарды есептеу арқылы жүзеге асырылып, бос немесе уақытша бос лауазымға кандидаттарға бағалау парағына сәйкес балы төмендегідей қойылды:

1. Жұбанова Шұға Атапкелқызы– 18 балл
2. Кенжетай Аяжан Сабитқызы– 10 балл
3. Лабакова Улболсын Мендибаевна – 9,5 балл
4. Табынбаева Дана Рашидовна - 9 балл
5. Сартабанова Нұрлыгүл Оралбайқызы – 9 балл
6. Зәкір Нұрия Берікқызы – 8 балл
7. Нұрғалиева Индира Қолғанатқызы – 8 балл
8. Ибрагим Назерке Бахытбекқызы – 7,5 балл
9. Сатуева Дильназ Жаксыбековна – 7, 5 балл
10. Жұмағали Әсел Бөгенбайқызы– 7 балл
11. Мухамбетьярова Айнура Есенбаевна– 5 балл
12. Аизбаева Айжан Жангерейкызы – 3 балл
13. Сатыбалдиева Аманкул Айжарыковна – 2 балл
14. Бисенғалиева Арайгүл Нұрланқызы – 2 балл

Конкурс қорытындылары бойынша шешімді конкурстық комиссия жинаған балы негізінде қабылдады.

Төмендегі аталған педагогтердің құжаттары «лайықты» деп саналып, жинаған жоғары балы негізінде кандидат «конкурстан өтті» деп есептелінді және мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысына тағайындауға ұсынылды:

1.Жұбанова Шұға Атапкелқызы – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетін «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша тәмамдаған жоғары білімді педагог және педагогика ғылымдарының магистрі. Еңбек өтілі – 7 жыл. Санаты – педагог-сарапшы. Айтылған пікірге сай, дәлелдеме ретінде құжаттары, диплом көшірмелері сараланды, қаралды. «Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру» (80 сағат), «Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш класс мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» (80 сағат) тақырыбында курстан өткен. Аудандық, облыстық тамыз кеңесінде спикер болған. 2021 жылы Өскемен қаласында өткен «Дарынды балаға – талантты ұстаз» Республикалық педагогикалық олимпиадасының II дәрежелі ДИПЛОМ иегері. Оқушылары аудандық, облыстық МАН, Зерде ғылыми зерттеу жобаларынан I, II орын (2016-2021), Кенгуру халықаралық зияткерлік конкурсынан I, II дәрежелі Диплом иегері. «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ұйымдастырған «Білім алушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту» тақырыбындағы облыстық семинар-практикумында өз тәжірибесімен бөлісіп, шығармашылық ізденістері мен шеберлігін көрсеткені үшін Алғыс хатпен марапатталған.

2.Лабакова Улболсун Мендибаевна – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті «Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша тәмамдаған жоғары білімді педагог. Еңбек өтілі – 6 жыл, 11 ай. Бұрынғы жұмыс орнының ұсыныс хатында: « ...Қызмет еткен жылдары талай жетістіктерге жетіп, мектепішілік, қалалық сайыстарға қатысып, мектептің абыройын көтеріп жүрген ізденімпаз ұстаз. Қалалық «Жас мамандар» слетіне қатысып, топтық сайыста II орын, қалалық «Бастауыш сынып» кабинеті байқауында II орын жүлдегері болды. Қоғамдық жұмысқа белсене араласып, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде еткен еңбегі

үшін Маңғыстау облысы білім басқармасының Алғыс Хатына ие болды» деген оң пікір берілген.

3. Кенжетай Аяжан Сабитқызы – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетін «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша үздік тәмамдаған жас маман. Педагогикалық практикадан «Өте жақсы» деген бағамен бағаланған.«Педагог-тағылымдамашы» сертификаты бар. Университет қабырғасында «Жастар, ғылым, инновация» халықаралық ғылыми конференциясында мазмұнды баяндама жасап, ІІІ дәрежелі Дипломмен марапатталған. «Ұлы дала ұстазы» халықаралық ғылыми-педагогикалық журналы ұйымдастырған «Қазақстан педагогтарының соңғы онжылдықтағы жариялаған Үздік мақалалары» атты арнайы шығарылымы бойынша І дәределі Диплом иегері. Сабақтан тыс уақытта кіші мектеп оқушыларының математикалық сауаттылығын жетілдіруге арналған «Қызықты математика» атты әдістемелік нұсқаулық шығаруға баспаға ұсынған.

4. **Табынбаева Дана Рашидовна** – Қ.Жұбанов атындағы өңірлік университетін «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша тәмамдаған жас маман. «Педагог» біліктілік санаты бар. «Заманауи әлем және жастар» атты студенттердің ғылыми апталығы аясында «Студенттер арасындағы ең үздік ғылыми жобалар» байқауына қатысып, жүлделі ІІІ дәрежелі Диплом иегері. «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ Жастар практикасы негізінде 1 жыл жұмыс өтілі (№46 орта мектебі) бар.

Көркем еңбек пәні бойынша 5 педагогтің құжаттары қаралды. Конкурстық комиссия кандидаттар құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес, Бағалау парағында көрсетілген балдарды есептеу арқылы жүзеге асырылып, бос немесе уақытша бос лауазымға кандидаттарға бағалау парағына сәйкес балы төмендегідей қойылды:

1. Сембаев Наурызбек Сисенбайұлы – 8 балл
2. Алтаева Гульнара Алтайқызы – 8 балл
3. Утегенова Нургуль Уралтаевна – 6,5 балл
4. Тоқтасынова Балслу Қайржанқызы – 2 балл
5. Еркінқызы Сұлушаш – 2 балл

Көркем еңбек пәні бойынша уақытша бос лауазымға ұсынылған кандидаттар тұрақты жұмыс орнын табуына байланысты әңгімелесуден бас тартты /Сембаев Наурызбек, Алтаева Гульнара Алтайқызы, Утегенова Нургуль Уралтаевна/.

Сондықтан көркем еңбек пәнінің уақытша бос орнына 5 жыл еңбек өтілі бар (Ақтөбе сервис колледжі, өндірістік оқыту шебері/2017-2023) педагог «конкурстан өтті» деп есептелінді және мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысына тағайындауға ұсынылды:

1. Тоқтасынова Балслу Қайржанқызы – С.Сейфуллин атындағы КазАТУ-ді тәмамдаған педагог.

Физика пәні мұғалімінің уақытша бос орнына 3 педагогтің құжаты қаралды:

Пәни Асылжан Шоқанқызы – 14 балл

Тілегенов Сүндет Нұртайұлы – 8 балл

Әлниязова Гүлнұр Бауыржанқызы – 7, 5 балл

Жинаған жоғары балы негізінде Пәни Асылжан Шоқанқызы мен Тілегенов Сүндет Нұртайұлының хабарласу барысында жұмысқа орналасып кеткендігі анықталды. Сол себепті Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетін **үздік** тәмамдаған, Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназиядан педагогикалық практикадан өткен жас маман *«конкурстан өтті»* деп есептелінді және мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысына тағайындауға ұсынылған.

Әлниязова Гүлнұр Бауыржанқызы – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетін «Физика» мамандығы бойынша тәмамдаған жас маман/2019-2023/. Педагог-тағылымдамашы біліктілік санатын алған/50/39 балл/.

Шешім:

Комиссия шешімі бойынша төменде аталған педагогтерді бастауыш класс (бос орын) және көркем еңбек, физика пәні (уақытша бос орын) мұғаліміне жұмысқа қабылдауға ұсынылды.

1. **Жұбанова Шұға Атапкелқызы** - бастауыш класс мұғалімі
2. **Лабакова Улболсун Мендибаевна** - бастауыш класс мұғалімі
3. **Кенжетай Аяжан Сабитқызы** - бастауыш класс мұғалімі
4. **Табынбаева Дана Рашидовна** - бастауыш класс мұғалімі
5. **Тоқтасынова Балслу Қайржанқызы** - көркем еңбек пәні мұғалімі
6. **Әлниязова Гүлнұр Бауыржанқызы** - физика пәні мұғалімі

Комиссия төрағасы Тойшыманова М.К.
Комиссия мүшелері Махамбетова Н.К.
Әли Г.Қ.
Керімбай Б.К.

Хатшы Коленкина Г.К.

Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназиясына педагогтерді бос лауазымға қабылдау комиссиясы отырысының №2 хаттамасы

Ақтөбе қаласы ***25.08.2023 жыл***
Қатысқаны: 5
Қатыспағаны: 1

6. Тойшыманова М.К. – Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназия директоры
7. Махамбетова Н.К. – директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары
8. Әли Г.Қ. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.
9. Керімбай Б.Ә. – Химия пәні мұғалімі (санаты – педагог-шебер)
10. Коленкина Г.К. – хатшы, қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі

Қатыспағаны: 1

1. **Алдиярова Г.Т. -** қалалық білім бөлімінің әдіскері (Атырау қаласындағы педагогтердің республикалық тамыз кеңесінің қатысушысы/ іссапарда)

Күн тәртібінде:

2. Педагогтерді бос және уақытша бос лауазымдық қызметке тағайындау

Тыңдалды:

Директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Н.К.Махамбетова Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназиясына педагогтерді бос лауазымға қабылдау комиссиясының мүшелері ҚР Білім және ғылым министрінің 19.11.2021 жылғы № 568 бұйрығына сәйкес, мемлекеттік білім беру ұйымында педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттарды іріктеуден өткізіп, жұмысқа қабылдау отырысы өткізу ережесімен таныстырып өтті:

«Жұмысқа орналасу кезінде үміткер конкурсқа қатысу туралы өтініш береді. Өтініш беруші өзінің бағалау парағын қоса ұсынады. Онда барлық жетістігі, нәтижелері, еңбек өтілі, әкімшілік немесе әдістемелік қызмет тәжірибесі, курстық дайындық және басқа да ақпарат көрсетіледі. Әрбір бағыт бойынша кандидат белгіленген критерийлер арқылы бағалау шкаласына сәйкес өз балдарын дербес қояды.

- Конкурстық комиссия өтініш берушінің өзі қойған балдардың, оларды растайтын құжаттардың сәйкестігін тексеріп, қорытынды ұпай шығарады. Нәтижесінде бос орынға ең көп балл жинаған үміткер қабылданады. Субъективизм деңгейі барынша төмендейді.

- Ережеде үміткердің біліктілік санатының міндетті түрде болуы қарастырылады.

- Енді жоғары оқу орындары мен колледж түлектеріне жұмысқа қабылдану үшін диплом жеткіліксіз болады. Олар Ұлттық біліктілік тестілеуден өтіп, одан әрі мектепте «Педагог» немесе «Педагог-тағылымдамашы» Біліктілік санатын алуға міндетті.

Сонымен қоса конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия отырыстарын ұйымдастырып, бірақ оның мүшесі болып табылмайтындығын ескертті.

Жоғарыдағы ережеге сәйкес, Enbek.kz-электронды еңбек биржасының сайтына және әлеуметтік желілердің ресми аккаунтта **информатика, математика пәнінің педагогтеріне конкурс өткізу туралы хабарландыру** жарияланғандығын және конкурсты өткізу күні мен орнын айқындау және конкурстық комиссия мүшелерін құру, конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарын қабылданғанын атап өтті. Аталған конкурсқа құжат 14-21 тамыз аралығына дейін қабылданып, 25.08.23 ж. конкурс күні деп көрсетілді.

Педагогтерді конкурс өткізу туралы хабарландыру негізінде **6 математика және 1 информатика** пән мұғалімдерінің құжаттары қаралды. Конкурстық комиссия кандидаттар құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері

бойынша, сондай-ақ осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес, Бағалау парағында көрсетілген балдарды есептеу арқылы жүзеге асырылып, бос немесе уақытша бос лауазымға кандидаттарға бағалау парағына сәйкес балы төмендегідей қойылды. Математика пәні бойынша:

1.Арыстанбеков Еркебұлан Айбекұлы – 9, 5 балл
2. Байқадамова Дана Байқадамқызы – 9 балл
3. Шынболатова Ғайша Жанболатқызы – 8 балл
4. Аманова Ақерке Жантасқызы - 6 балл
5.Қали Алтынгүл Қанатқызы – 5 балл
6. Шаймардан Айсұлу Аубакірқызы – 5 балл

Информатика пәні бойынша тек 1 педагог жұмысқа орналасуға құжат жинақтап, тапсырды.

1. Салмағанбет Бибинұр Қайырғалиқызы – 11, 5 балл

Конкурс қорытындылары бойынша шешімді конкурстық комиссия жинаған балы негізінде қабылдады.

Арыстанбеков Еркебұлан Айбекұлы – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетін «Математика» мамандығы бойынша тәмамдаған жоғары білімді педагог. Еңбек өтілі – 6 жыл, 3 ай. Санаты – педагог-модератор. Айтылған пікірге сай, дәлелдеме ретінде құжаттары, диплом көшірмелері сараланды, қаралды. *«Математика пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру»* (80 сағат), *«Математика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»* (80 сағат), *«Инклюзивті білім беру»* (40 сағат), *«Сабақта ұйымдастырудан бастап білім беру процесіне дейін»* (40 сағат), *«Оқушылардың математикалық ойлауын дамыту»* (56 сағат) тақырыбында курстан өткен. Математика пәнінен облыстық олимпиаданың I , II орын жүлдегері. Ақтөбе қаласы білім бөлімінің Алғыс хат иегері (2021 жыл).

Салмағанбет Бибинұр Қайырғалиқызы – 2016-2020 жылдар аралығында Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-дің «Информатика пәні мұғалімі» мамандығы бойынша бакалавр және 2020-2022 жж. математика білім беру бағдарлаамсы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі. Еңбек өтілі – 2 жыл. Санаты – педагог-модератор. Еңбек жолында бірнеше аудандық, облыстық жарыстарға қатысып, жүлделі орын иеленген. Информатика пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиаданың жүлдегері/2021-2022/.Ақтөбе облысы, Әйтеке би аудандық білім бөлімінің Алғыс Хатымен марапатталған.Оқушылары пәндік олимпиаданың жүлдегерлері. «Өрлеу БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасы ұйымдастырған «Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өткен.

Төмендегі аталған педагогтердің құжаттары «лайықты» деп саналып, жинаған жоғары балы негізінде кандидат «конкурстан өтті» деп есептелінді және мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысына тағайындауға ұсынылды:

1. **Арыстанбеков Еркебұлан Айбекұлы – математика пәні мұғалімі**
2. **Салмағанбет Бибинұр Қайырғалиқызы – информатика пәні мұғалімі**

Комиссия төрағасы Тойшыманова М.К.

Комиссия мүшелері Махамбетова Н.К.
Әли Г.Қ.
Керімбай Б.К.

Хатшы Коленкина Г.К.